Медициналық бұйымды қолдану жөніндегі нұсқаулық

Медициналық бұйымның атауы
ГИНОФЕМ қынаптық суппозиторийлері

Бір суппозиторийге арналған құрамы:
5,0 мг натрий гиалуронаты,
25,0 мг макроголглицерин гидроксистеараты,
2500,0 мг-ға дейін қатты май.

Бұйымның сипаттамасы мен тағайындалуы
«Гинофем» қынаптық суппозиторийлері қынаптың шырышты қабығын ылғалдандыру, қалпына келтіру және қорғау мақсатында жергілікті, қынаптық қолдануға арналған. Суппозиторийдің құрамындағы гиалурон қышқылы қынаптың шырышты қабығына түсіп, оның бетінде қынаптың шырышты қабығының физиологиялық функцияларын қалпына келтіруге ықпал ететін, қабынуды жеңілдететін, жазылу процестерін жеңілдететін және жеделдететін, қынаптың қалыпты ылғалдылығын қалпына келтіретін қорғағыш гельді қабықша түзеді.

Қолданылуы
«Гинофем» суппозиторийлері келесі жағдайларда қынаптың шырышты қабығын ылғалдандыру, қалпына келтіру және қорғау үшін кеңінен қолдануға ұсынылады, атап айтқанда:
- жас өзгерістеріне (етеккір үзілісі кезінде, климактерияда), эстроген тапшылығына, гормондарды алмастыратын терапияға немесе контрацептивтерді қолдануға байланысты қынаптың құрғау белгілерінің пайда болуының алдын алу үшін;
- жыныстық ернеулер айналасындағы қабынуды жеңілдету және оның алдын алу үшін;
- қызарумен және ісінумен қатар жүретін қынаптың шырышты қабығының құрғауы кезінде;
- босанғаннан кейін, гинекологиялық және хирургиялық араласудан кейін қынаптың шырышты қабығының зақымдануы кезінде көмекші құрал ретінде;
- химиотерапия, сәулелік немесе радиотерапия нәтижесінде қынаптың шырышты қабығының сему белгілері болған кезде көмекші құрал ретінде;
- қынаптың бұлшықет тонусы әлсіреген кезде, жыныстық қатынас кезінде жайсыздық, ауырсыну болғанда;
- қынапты тазалаудың соңғы кезеңі ретінде;
- әйел өмірінің кез келген кезеңінде күтім жасау іс-шараларының бөлігі ретінде.

Қолданылу тәсілі және дозалары
Суппозиторийді енгізер алдында қолыңызды мұқият жуыңыз. Суппозиторийді қабықшадан шығарып, қынапқа терең енгізіңіз.
Егер суппозиторий тым жұмсақ болса, оны қолданар алдында тоңазытқышқа бірнеше минутқа қою керек.
Енгізу үшін ұйықтар алдында, күніне бір рет 14-20 күн бойы (бірақ артық емес) бір суппозиторий қолданылады. Дәрігердің нұсқауымен суппозиторийлерді қолдану саны мен еселігі бойынша өзгерістерге рұқсат етіледі.
Суппозиторийлерді қолдануды емдеу етеккірмен тоқтатылмайтындай етіп жоспарлау керек.
Айрықша нұсқаулар
Суппозиторийлер тек қынаптық қолдануға арналған!
Жұтуға болмайды!
Етеккір келген кезде суппозиторийлерді қолдану ұсынылмайды. Жүктілік және сүт шығу кезеңіндегі әйелдер суппозиторийлерді дәрігермен кеңескеннен кейін ғана қолдана алады.
Гиалурон қышқылы бар суппозиторийлерді қынаптық енгізуге арналған басқа құралдармен бір мезгілде қолдану ұсынылмайды.
Латексті презервативті пайдалану кезінде суппозиторийлерді қолдану ұсынылмайды (суппозиторийлердің белсенді құрамы латекс компоненттерімен өзара әрекеттесуі мүмкін).

Сақтық шаралары
Медициналық мақсаттағы бұйымның қандай да бір компоненттеріне жоғары сезімталдық кезінде қолдануға болмайды. Егер суппозиторийлерді қолданғаннан кейін қынапта жағымсыз сезімдер күшейсе немесе сыртқы жыныс мүшелерінде бұрын байқалмаған басқа симптомдар мен көріністер болса, оларды қолдануды тоқтатып, дәрігердің кеңесіне жүгіну керек.
Жергілікті әсер ететін суппозиторийлерді ұзақ уақыт пайдалану сезімталдықты тудыруы мүмкін. Егер мұндай жағдай орын алса, қолдануды тоқтатыңыз және тиісті кеңес алу үшін дәрігерге жүгініңіз.
Қаптаманың бүтіндігі бұзылған жағдайда суппозиторийлерді қолдануға болмайды.

Қаптама
Пішінді ұяшықты қаптамада 5 суппозиторийден. Пішінді ұяшықты 2 қаптамадан қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшада.
Сақтау шарттары
25 °С-ден жоғары емес температурада сақтаңыз.
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз!

Жарамдылық мерзімі
2 жыл.
Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін медициналық мақсаттағы бұйымды пайдалануға болмайды.

Өндірушінің атауы, заңды, (нақты) мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта):
«Рубикон» ЖШҚ, БР, 210002, Витебск қ., М. Горький көш., 62Б,
тел.: +375 (212) 36-47-77; тел./факс: +375 (212) 36-37-06,
www.rubikon.by, e-mail: secretar@rubikon.by

Өндірушінің Қазақстан Республикасының аумағындағы уәкілетті өкілінің атауы, заңды, (нақты) мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта):
«Рубикон» ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы өкілдігі
Қазақстан, Алматы қ., Гоголь көш., 84 үй, А корп., 316 кеңсе, пошта индексі 050000
Тел: +77079404917
Email: vrach-pharm@rambler.ru

Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан медициналық бұйым бойынша шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын ұйымның атауы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта):
«Рубикон» ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы өкілдігі
Қазақстан, Алматы қ., Гоголь көш., 84 үй, А корп., 316 кеңсе, пошта индексі 050000
Тел: +77079404917
Email: vrach-pharm@rambler.ru

Медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулықтың соңғы қайта қаралуы

XX.XX.XXXX